

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы Қарабатыр ауылы әкімінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № 6 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 тамызда № 9379 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы Қарабатыр ауылы әкімінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы Қарабатыр ауылы әкімінің 16.11.2020 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қамысты аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 9 шілдедегі № 01-25/264 ұсынысы негізінде Қамысты ауданы Қарабатыр ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қамысты ауданы Қарабатыр ауылындағы "Агрофирма "Қарабатыр" жауапкершілігі шектеулі серіктестікке ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қостанай облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қамысты аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қамысты аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге арналған қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Қамысты ауданы әкімдігінің Қарабатыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін уақытша атқарушы

А. Абитова